

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Тіл дамыту нысандарын ұйымдастырудың әдістемелік жүйелері

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58593/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сембекова Қызгалдақ Жанабаевна**Пәні:** Тіл дамыту және оқыту әдістемесі**Пән оқытушысы:** Сембекова Қ.Ж.**Тобы:** ДШ-1-15**Курсы:** 4**Уақыты:** 15.05**Сабақтың тақырыбы:** Тіл дамыту нысандарын ұйымдастырудың әдістемелік жүйелері**Сабақтың мақсаты:**

1) **Білімділік:** Студенттерге мектепке дейінгі баланың сөйлеуін дамытуға негізделген нысандарды ұйымдастырудың әдістемелік жүйесімен таныстыру

2) **Дамытушылық:** Үлгілік оқу бағдарламасын пайдалана білу дағдысын дамыту

3) **Тәрбиелік:** Коммуникация білім беру саласы бойынша сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, драма, сауат ашу ҰОҚ-де қалыптастыратын дағдыларды жүзеге асыруға тәрбиелеу

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақ типі: Жаңа білімді игеру сабағы.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: Сыни тұрғыдан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс, топпен жұмыс; түсіндіру, әңгімелеу; сұрақ-жауап, ойын әдісі.

Сабақтың көрнекілігі: АКТ, үлестірме материалдар, кестелер

Пәнаралық байланыс: педагогика, қазақ тілі, көркем әдебиет, өзін-өзі тану

Өзін-өзі танудың құндылықтары: дұрыс әрекет

Қасиеттер: ақиқат негізінде сүйіспеншілікпен әрекет ету, қарым-қатынасты бұзбау

Сабақтың барысы :

Ұйымдастыру кезеңі

- «Қызығушылықты ояту» кезеңі. Студенттер арасында психологиялық ахуал туғызу.

«Сипаттау» тренингі. Студенттер өз есімін айтады және соған сәйкес сын есім сөзбен өзін сипаттайды.

- Топқа бөліну. Түрлі түсті қағаз қиындыларын таңдау арқылы топқа бөлінеді, қиындыны құрастырғанда тіл туралы қанатты сөз шығады. Сол сөз төңірегінде өз ойларын тұжырымдап айтады.
- **«Қар лақтыру»** ойыны.
- Үй тапсырмасын тексеру.(Студентке қарды лақтырып сұрақ қоямын, ол керісінше жауап айтып болған соң кері лақтырады)

1. Тіл дамыту нысандарын ата
2. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тіл дамыту жұмыстары қалай жүргізіледі?
3. Серуеннің бақылау бөлімінде тіл дамыту жұмысы қалай жүргізіледі?
4. Сурет бойынша әңгімелеуде тәрбиешіге қандай талаптар қойылады?
5. Драмалық қойылымдардың бала тілін дамытудағы маңызы
6. Ойыншықтарды сипаттау арқылы баланың тілін дамыту жұмысы қалай жүзеге асырылады?

Негізгі бөлім

Жаңа сабақтың мазмұнын ашу үшін

Тапсырма №1. Мектеп жасына дейінгі оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда сөйлеуді дамытудың ерекшелігін жас ерекшелігіне сәйкес талдау, постер қорғау (жеке, жұптық, топтық талдау)

- топ – Ерте жастағы топ
- топ – Бірінші кіші топ
- топ- Екінші кіші топ
- топ – Ортаңғы топ
- топ – Ересектер тобы

Анықтау: — Сөйлеуді дамытудың мақсат міндеттерін;

- Қалыптастырылатын дағдыларды;
- Күтілетін нәтижелерді.

Тапсырма №2. Берілген оқу қызметтерінің жоспарына сәйкес қай жас ерекшелігіне сәйкес келетінін анықтау, талдау

- 1 топ – Ұйымдастырылған оқу қызметі
- 2 топ – Ойындар
- 3 топ – Серуен, бақылау
- 4 топ – Театрландырылған қойылым
- 5 топ — Ойыншықтар арқылы әңгіме құру

Тапсырма № 3

Жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметін құру

Тақырыбы:

Мақсаты:

Қалыптастыратын дағдылар:

Көрнекіліктер:

Әдіс-тәсіл:**Сабақтың барысы:****Күтілетін нәтиже:**

- топ – Ерте жастағы топ
- топ – Бірінші кіші топ
- топ- Екінші кіші топ
- топ – Ортаңғы топ
- топ – Ересектер тобы

Қорытынды: Білімгерлер әр топқа бір сұрақтан қояды.

Бағалау:

Үйге тапсырма: «Коммуникация» саласы бойынша көркем әдебиет, драма, сауат ашу бөлімдеріне ұйымдастырылған оқу қызметін дайындау

Кері байланыс: «Insert» әдісі арқылы

- Не білемін?
- Не білдім?
- Білгім келеді?

Оқушылар өз пікірлерін білдіреді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.